

"Прокуратура туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 24 шілдедегі № 94-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Прокуратура туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (келісім бойынша) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тиісті ведомстволық құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2017 жылғы 24 шілдедегі
№ 94-ө өкімімен
бекітілген

"Прокуратура туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

Р/ с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты тұлға
1	2	3	4	5	6
1.	Қазақстан Республикасының прокуратурасы органдарының кейбір мәселелері туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	БП (келісім бойынша)	2017 жылғы тамыз	М. М. Ахметжанов
2.	Қазақстан Республикасының заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы	Қазақстан Республикасы	БП (келісім бойынша, жинақтау), МҚІЖСЖҚА (келісім бойынша)	2017 жылғы тамыз	

	күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту туралы	Президентінің Жарлығы	), ІІМ, Қаржымині		М.М. Ахметжанов
3.	Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	БП (келісім бойынша)	2017 жылғы тамыз	М.М. Ахметжанов
4.	Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының рәміздері туралы	бұйрық	БП (келісім бойынша)	2017 жылғы тамыз	М.М. Ахметжанов
5.	Прокуратура органдары лауазымды тұлғаларының жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	БП (келісім бойынша)	2017 жылғы тамыз	М.М. Ахметжанов
6.	Прокуратураның білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	БП (келісім бойынша)	2017 жылғы тамыз	М.М. Ахметжанов
7.	Құқық қорғау қызметі, оларды үйлестіру мен мониторингілеу саласындағы ведомствоаралық ғылыми зерттеулерді жүргізу қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	БП (келісім бойынша)	2017 жылғы тамыз	М.М. Ахметжанов
8.	Прокуратура органдарында, ведомстволарында, мекемелерімен білім беру ұйымында қаруды, оқ-дәріні және арнайы құралдарды алу, есепке алу, сақтау, алып жүру, беру, тасымалдау қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	БП (келісім бойынша)	2017 жылғы тамыз	М.М. Ахметжанов

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БП - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

МҚІЖСЖҚА - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі

ІІМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

ҚМ - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі